

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Денсаулық-зор байлық!»

ЖАРИЯЛАНДЫ 08.05.2022	ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/120168/
---------------------------------	--	---

Нағыметова Гүлмира Әлібекқызы

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

№16 «Аққайың» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Денсаулық-зор байлық!»

Балалар екіге бөлініп тұрады. Ақ түсті, сары түсті спорттық киім киген.

Жүргізуші:

Бала өсірген ата-ана, бала болып ойнайды,
Бала тәрбиелеген тәрбиеші, бала болып ойлайды, -дегендей, бүгін біз «Балапан» тобының «Денсаулық-зор байлық!» спорттық іс-шарасын бастаймыз. Сайыс түрінде өткізетін болғандықтан, сайыс кезеңдерімен, әділ-қазылармен таныстырайын.

Кезеңдермен таныстыру.

1-кезең «Кім жылдам?» ойыны.

2-кезең «Жүйрік пойыз» ойыны

3-кезең «Шалқан» ойыны

4-кезең «Үңгірден өт» ойыны

5-кезең «Сақина салу» ойыны

6-кезең «Капитандар сайысы»

7-кезең «Желаяқтар» ойыны

Әділ-қазы алқасымен таныстыру.

Жүргізуші:

Топ болып біз жүрейік,
Ойнайық таб күлейік,
Достық деген тамаша,
Міне, тұрмыз жараса, -дегендей, екі топ өздерін таныстырсын.

Т а н ы с т ы р у .

Топ ұраны.

Жүргізуші:

Қалма жұрттың соңында,
Қажет болса, мың атта,
Аздық етер оның да,
Жету үшін мұратқа -дей отырып, ойын кезеңдеріне кезек берейік.

1-кезең «**Кім жылдам**» ойыны.

Ойынның шарты: екі тізенің арасына допты қысып доп салатын кәрзеңкеге дейін секіріп допты қалдырып, секіртпемен орнына секіріп келу.

2-кезең «**Жүйрік пойыз**» ойыны

Ойынның шарты: ойыншылар бір қатарға тұрады. Оң қолдарын алдындағы ойыншының иығына қойып, сол қолдарымен сола яқтарын жерден жоғары көтеріп кедергілер арасымен секіріп орындарына келеді.

3-кезең «**Шалқан**» ойыны

Ойынның шарты: команда капитаны кедергілер арасынан жүгіріп орнына келеді де, кезекпен өз тобын бір-бірден жинап жүгіреді.

Жүргізуші: Музыкалық үзіліс.

«**Гимнасттар**» биі

Жүргізуші:

Кімдер жүйрік, өнерпаз білейікші,
Ептісі деп сайыстың жүрейікші.

4-кезең «**Үңгірден өт**» ойыны

Ойынның шарты: ойыншылар бір-бірден үңгір астынан өтеді.

5-кезең **«Сақина салу»** ойыны

Ойынның шарты: Құрсауды басынан киіп аяқпен шығару.

6-кезең **«Капитандар сайысы»** немесе төмпешіктен төмпешікке ойыны

Ойынның шарты: құрсаулардан секіріп оларды белге жинау.

7-кезең **«Желаяқтар»** ойыны

Ойынның шарты: белгілі бір алаңды жүгіріп орнына келу.

Жүргізуші:

Қызықты өтті бүгінгі сайысымыз,

Жоғары боп күш жігер намысымыз.

Осылайша қуанышпен думандатып,

Аяқталсын көңілді жарысымыз.

Марапаттау: Жеңімпаздарды анықтау, марапаттау.

Жүргізуші:

Жарқын шаттық заман болсын,

Отбасымыз аман болсын.

Сыйластық пен бірлік болып,

Әрқашанда орта толсын.

Осымен, «Балапан» тобының **«Денсаулық-зор байлық!»** атты спорттық іс-шарасы аяқталды. Тамашалағандарыңызға рахмет. Сау болыңыздар!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.